



Азаматтық құқық. Азаматтық процесс / Civil law. Civil process / Гражданское право. Гражданский процесс

ҒТАР 10.59.41

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-153-4-76-89>

Ғылыми мақала

Тұрақты даму жағдайында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді құқықтық реттеу

Г.Б. Телеуев*¹, А.Е. Бектурганов², А.М. Есентемирова³

¹І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Талдықорған, Қазақстан

^{2,3}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(e-mail: ¹galim@mail.ru, ²a.e.bekturganov@mail.ru, ³yessentemirova.a.m@gmail.com)

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан Республикасында тұрақты даму жағдайында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық реттеу мәселелері қарастырылады. Авторлар еліміздегі гидротехникалық құрылыстардың қазіргі жағдайына құқықтық тұрғыдан кешенді талдау жүргізе отырып, осы саладағы заңнамалық реттеудің өзекті кемшіліктерін анықтайды. Гидротехникалық құрылыстардың құқықтық мәртебесінің нақты анықталмауы, оларды басқару және бақылау тетіктерінің жетілдірілмеуі экологиялық және техногендік қауіп-қатерлердің артуына себеп болуда. Осыған байланысты мақалада халықаралық тәжірибе негізінде нормативтік-құқықтық актілерді жетілдірудің және олардың тиімділігін арттырудың нақты жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің арнайы заңнамасын қабылдау қажеттілігіне ерекше мән беріледі. Авторлар зерттеу барысында нормативтік талдау, салыстырмалы-құқықтық және жүйелі-құрылымдық әдістерді қолданған. Жұмыс нәтижелері гидротехникалық құрылыстарды құқықтық реттеу саласындағы ғылыми зерттеулерді дамытуға бағытталған. Мақала заңгерлерге, экологтарға, су ресурстарын басқару саласындағы мамандарға арналған.

Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР26193915 Тұрақты даму жағдайында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді құқықтық реттеу жобасын іске асыру мақсатында дайындалды.

Түйін сөздер: Гидротехникалық құрылыстар, тұрақты даму, құқықтық реттеу, су қауіпсіздігі, су ресурстары, заңнама, апаттық қауіп, мемлекеттік басқару, меншік нысандары, халықаралық тәжірибе, экологиялық қауіпсіздік, нормативтік актілер.

Түсті: 23.07.2025 Мақұлданды: 24.11.2025 Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

Кіріспе

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында тұрақты даму қағидаттарын жүзеге асыру су ресурстарын тиімді басқару мен гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін жетілдіруді талап етеді. Гидротехникалық құрылыстар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының ажырамас бөлігі болып табылады және халықтың тіршілік әрекетімен тікелей байланысты стратегиялық нысандар ретінде қарастырылады. Олардың апатсыз, тұрақты және қауіпсіз жұмыс істеуі экологиялық тепе-теңдікті сақтауға, экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізуге және халықтың өмір сапасын арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, қазіргі кезде гидротехникалық құрылыстардың тозуы, табиғи-климаттық жағдайлардың өзгеруі, сондай-ақ техногендік қауіптердің көбеюі осы нысандарды пайдаланудың құқықтық реттелуін қайта қарау қажеттілігін туындатады. Соңғы жылдардағы халықаралық тәжірибе көрсеткендей, су ресурстарын басқарудағы кемшіліктер ірі апаттарға әкеп соқтырып, орны толмас экологиялық және экономикалық шығындарға ұшыратуы мүмкін. Осы орайда, гидротехникалық құрылыстарды пайдалануды құқықтық реттеудің халықаралық стандарттарға сәйкестендірілуі мен ұлттық заңнаманы жетілдірудің маңызы артып отыр. Қазақстан Республикасының орнықты даму мақсаттарын іске асыру жөніндегі міндеттемелері де бұл мәселені күн тәртібіне қойып, құқықтық жүйені реформалау қажеттігін көрсетеді. Құқықтық реттеуді жетілдіру су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, апаттық жағдайлардың алдын алуға, сондай-ақ қоршаған орта мен халықтың қауіпсіздігін сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін зерттеу әрі дамыту ғылыми, практикалық және әлеуметтік тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады.

Сонымен байқағанымыздай, тұрақты даму жағдайында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін зерттеу жаңа және өзекті тақырып болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуы үшін, қолайлы қоршаған орта сақтап қалу мен осы саладағы нормативтік құқықтық актілердің қарама-қайшы нормалардың болуы, жүйесіз мемлекеттік реттеудің орын алуына, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тікелей реттейтін нормативтік актінің болмауына қарамастан ұсынылып отырған тақырыпқа осы уақытқа дейін кешенді түрде зерттеу жүргізілмеді. Осы бағытта ғылыми мақалалар деңгейінде және аналитикалық талдаулар көлемінде ғана зерттеулер жүргізілген. Анығында, тәжірибе көрсетіп отырғандай аталған мәселе кешенді түрде терен теориялық құқықтық зерттеуді қажет етеді. Осының өзі ұсынылып отырған зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейді. Гидротехникалық құрылыстардың құқықтық режимін тұрақты даму жағдайында зерттеу маңызды, себебі ТДМ 6 қағидасы сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мен су ресурстарын ұтымды басқаруды көздейді.

Әдіснама

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында кешенді әрі жүйелі тәсілдер қолданылады. Аталған тақырыпты ашуда ең алдымен нормативтік-құқықтық актілерді талдау әдісі арқылы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, халықаралық шарттар мен стандарттар сарапталады. Салыстырмалы-құқықтық талдау әдісі гидротехникалық

құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің отандық және шетелдік тәжірибелерін салыстыруға және олардың тиімді тұстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, талдау және синтез әдістері қолданыла отырып, су ресурстарын пайдалану мен гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігіне қатысты мәселелердің себеп-салдарлық байланыстары анықталады. Жүйелі-құрылымдық талдау әдісі арқылы зерттелетін құқықтық нормалардың өзара байланысы мен тұтастығы зерттеледі. Қосымша ретінде, эмпирикалық әдістер, атап айтқанда, сараптамалық бағалау, статистикалық деректерді талдау, сондай-ақ нормативтік актілердің тиімділігін бағалау әдісі қолданылады. Осы әдістердің жиынтығы зерттеу тақырыбының объективтілігін және қорытындылардың дәлдігін қамтамасыз етеді.

Нәтижелер мен талқылау

Суды кешенді басқару-бұл су ресурстарын жан-жақты бірлесіп басқаруға арналған стратегияларды, институттарды, басқару құралдарын және қаржыландыру тетіктерін қамтитын жаһандық жүйе. 2018 жылы деректерді ұсынған 172 елдің 60 пайызы қабылдаудың өте төмен, төмен немесе орташа төмен екенін айтты. Бұл елдер 2030 жылға қарай су ресурстарын кешенді басқаруды енгізу мәселесін шешуі екіталай. 2018 жылы кешенді басқаруды енгізудің жаһандық орташа көрсеткіші 49 балды құрады.

2023 жылдың 1 шілдедегі ақпаратқа сәйкес, Қазақстан Республикасы аумағында 1478 гидротехникалық құрылыстар бар. Соның ішінде 342 –су қоймалары, 219 – дамбы, 119-гидроторап, 313 –тоғандар. Аталғандардың ішінде республикалық меншікте - 333 гидротехникалық құрылыстар болса, комуналдық меншікте -895, ал 228 гидротехникалық құрылыстар жеке меншік болса, қараусыз қалған 22 объекті бар [1].

Гидротехникалық құрылыстар көбінде суды маусымдық және маусымаралық реттеуге бағытталған. Олардың басым көрпшілігі IV санатқа жатқызылады. Көбінде олар ауылшаруашылығы мақсатында пайдалануға салынған. Өкініштісі, 40 жылдан астам ешқандай жөндеу жұмыстары жасалмаған және еш қараусыз қалған кейбір кіші гидротехникалық құрылғылар да кездеседі. Сәйкесінше олардың техникалық жағдайлары өте нашар және күрделі жөндеуді талап етеді. Ал жаңа гидротехникалық құрылыстардың меншік иелерінің ресурстары оларды күрделі жөндеуге жетпейді. Гидротехникалық құрылыстардың ескіруі және тиісті жұмыс жасалмауы олардың адам өмірі мен қоршаған ортаға зиян келу қаупін арттырады.

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі тұрақты даму мақсатына жетуде елеулі орынды иеленеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында [2] суға қатысты қазіргі уақытта кез келген қатерге дайын болу керектігін атап өтіп, суды жинап оны диқандардың қажетіне беру үшін сақтау тетігінің қажеттілігіне мән берді. Гидротехникалық бекеттерді жаңарту қажет. Сондай ақ мемлекет басшысының тапсырысы бойынша суды барынша үнемдеуіміз керек. Үстіміздегі жылы орын алған су тасқыны еліміз үшін үлкен сынақ болғанын, мемлекеттік билік органдары осыдан сабак алу керектігін айтты.

Әлемдік деңгейде әрбір мың бөгетке апатты жағдайдағы бір бөгет болатынын ескерген жөн. Бөгеттердегі апаттардың салдары адам өмірі мен денсаулығына, әлеуметтік - экономикалық дамуға, тұрақты дамуға едәуір зардабын тигізетіні мәлім. Орта Азия аймағында ауылшаруашылығы өнімдерінің 90 пайызы, электр өндірудің 40

пайызы және 15 миллион халықтың өмірі мен экономиканың өзге салаларының тұрақты қызмет етуі гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігіне байланысты.

Мемлекет басшысы атап өткендей, көктемгі уақытта күрделі су тасқынын еліміздің әлеуметтік экономикалық жағдайына едәуір зардабын тигізді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпаратқа сүйенсек, 2024 жылы елімізде өте ауыр трагедиялық жағдай орын алды. Ол адамның өлімі мен едәуір түрде еліміздің экономикасына зардабын тигізді. Яғни, 17,5 тұрғын үйлер, 1353 аула су астында қалды, 72 елді мекен көлік қатыстарынсыз қалды. Елімізде 10 аймақта төтенше жағдайлар режимі жарияланып апаттың қалыпқа келтіру жұмыстары жүргізілді. Су тасқыны салдарынан 400 млрд. көлемінде бюджетке шығындар келтірілді[3]. Осы проблеманың өзі Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстар қызметін құқықтық реттеудің осалдығының белгісі болып табылады.

Ал 11 наурыз 2010 жылы Алматы облысы Аксу ауданы Қызылағаш ауылында су бөгеті жарылып, маңында орналасқан Қызылағаш ауылын су шайып кеткен болатын. Нәтижесінде 45 адам қайтыс болып, 300-ге жуық адам түрлі жарақаттар алған. Үйлердің 80 пайызға жуығына зардап келіп 251 үйді су тасқыны қиратып өткен. Сол кездегі есеп бойынша 8 миллиард шығын болыпты. Мамандардың сараптауынша бөгеттің жарылуының негізгі себебі, ондағы су массасының уақытылы босатылмауы.

31 наурыз 2014 жылы Қарағандыдан 30 шақырым жерде Көкпекті ауылында су бөгетінің жарылуы салдарынан 650 жуық үйді су алып кеткен болатын [4].

Тұрақты дамудың 6 бағытын қамтамасыз ету келесі сегіз міндеттен тұрады: ауыз сумен қамтамасыз ету (6.1. міндет); санитарлы-гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету (6.2.); Ағынды суларды тазарту және қоршаған ортадағы судың сапасы (6.3.); су пайдаланудың тиімділігі және су стресі деңгейі (6.4); су ресурстарын тиімді басқару және трансшекаралық су ынтымақтастығы (6.5.); сумен байланысты экожүйе (6.6.); сумен қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастық (6.а) және халықтың қатысуы[5].

Елімізде БҰҰ тұрақты даму қағидаларын қамтамасыз етуде гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін құқықтық реттеу өте маңызды. Мәселен, қазіргі уақытта мемлекеттің экономика секторлары қажеттіліктерін сумен қамтамасыз ету тиісті түрде реттелінбеген. Табиғи су қорының ауқымды мөлшерде болуына қарамастан, тиімсіз басқару және ескірген инфрақұрылым едәуір шығын мен экономиканың әлсіреуіне әкеледі. 2030 жылы су тапшылығы жылына 23,2 км³-тен асуы мүмкін деген болжам бар. Деректерге сүйенсек, суды тасымалдау кезінде ауылшаруашылығында сулардың алпыс пайызы жоғалып түпкілікті нысанға жеткізілмейді, ал өндірістік шаруашылықта ондай жоғалулар елу пайызды құрайды. Бұл мәлесе гидротехникалық құрылыстардың да қызметіне қатысы бар. Осы көрсеткіштер су саласын басқарудың жаңа нұсқасын керек етеді.

Аталған фактілер гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзектілігін айқындап отыр.

Қазақстан Республикасында су ресурстарын басқару бірыңғай жүйеге келтірілмеген және олар әр түрлі министрлік қызметінің сипатына қарай құзыретіне кіреді. Бұл жердегі мәселе су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану, басқару мен бақылаудың бірыңғай ортақ үйлестірілген құрылымының және ортақ бағыттың болмауымен байланыстыруға болады. Бұндай әралуандылық жүйе су саласындағы

дағдарысқа ықпал етудің тиісті деңгейде болмауы қаупін арттырады. Дәлел ретінде Қазақстандағы су тасқыны жағдайын келтіреміз. Мәселен, қазіргі уақытта еліміздегі жиырма бір министрліктің он бірі су ресурстарын басқаруда тікелей құзыреттілікке ие. Көбінде олардың қызметтері ұқсас болып, нәтижесінде ресурстардың шығындалуына әкеп соғады. Сондай-ақ, су объектілерін қадағалау қызметі «Қазсушар» РМК мен су ресурстары және ирригация министрлігіне тиесілі болса, сел қаупі орын алған жағдайда Төтенше жағдайлар министрлігі жауапты болады. Тағы бір мысал, жабдықтау, су бұру және ирригация салаларын үйлестіруге ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі құзыретті болса, дәл осы функция ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитетінің міндеті болып табылады. Дәл осы логиканың гидротехникалық құрылыстарды пайдалануға да қатысы бар. Гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік құқықтық реттеу тетігін жетілдіру тұрақты даму қағидаларын орындау бойынша міндеттемені атқаруда елеулі үлесі бар.

Сарапшылардың пікірінше, су ресурстарын басқарудағы мемлекеттік саясаттар шындыққа жанаспайтын мәліметтер негізінде құралып отыр [6,96].

«Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 66 қаулысының 2.10.-тармағында гидротехникалық құрылыстардың тозуы жайлы аталып өткен. Қазіргі уақытта Қазақстанның су шаруашылығы кешеніне жобалық көлемі 87,8 км³ 331 су қоймасы, 125 су торабы, 3392 канал, 473 бөгет және 1667 басқа да құрылыстар кіреді. Тұжырымдамада гидротехникалық құрылыстардың 60 пайызға жуығы ұзақ уақыт бойы жөндеу жұмыстары жасалмағанын және олар жоғары қауіптілік көзі болып табылатынын атап өтеді. Әсіресе коммуналдық және жеке меншік нысанындағы гидротехникалық құрылыстардың жағдайы мүшкіл. Сонымен қатар тұжырымдамада гидротехникалық құрылыстардың келесі проблемалары аталып өткен:

- Осы саланы реконструкциялау жобаларының іске асырылмауы;
- Бюрократиялық тетіктердің болуы;
- Гидротехникалық құрылыстар саласының инвестициялық тартымдылығының төмен болуы;
- Осы салада мемлекеттік жеке меншік әріптестіктің іске асырылмауы
- «Қазсушар» РМК өкілеттігінің шектеулі сипатта болуы;
- Бөгеттердің қауіпсіздігі туралы заң актісінің болмауы;
- Көпфакторлы зерттеулердің болмауы;
- Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін айқындау өлшемдерінің және мониторингтеу бөлімінде коллизиялардың орын алуы; [7]
- Апаттың орын алуы жағдайында жергілікті халықты хабардар ету тетігінің болмауы.

Гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың қызметі бірыңғай жүйеге келтірілуі тиіс. ҚР су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жж. арналған тұжырымдамасында гидротехникалық құрылыстардың қызметіне қатысты бекітілген мәселелерді шешудің жүйелі жолдары ғылыми тұрғыдан ұсынылуы керек.

Су кодексіне сәйкес, гидротехникалық құрылыстар келесі мақсаттарға жауап беретін инженерлік құрылыстар ретінде анықталады:

- су ресурстарын басқару;
- су пайдаланушыларға су беру;
- сумен жабдықтау және суды бұру;

– судың зиянды әсерінің алдын алуды көздейді. Сонымен қатар кодекс, гидротехникалық құрылыстардың пайдалануын реттейтін екі норманы ғана қамтиды [8].

Су кодексінің соңғы редкациясында гидротехникалық құрылыстарды реттеуге деген ұмтылыстың болуына қарамастан, олардың қызметі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі кешенді түрде толығымен реттелмеді.

Бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 19-2/1054 бұйрығына сәйкес гидротехникалық құрылыстардың кластарға жіктелу негіздері анықталған. Осы бұйрыққа сәйкес гидротехникалық құрылыстар әлеуметтік-экономикалық жауапкершілікке байланысты және апаттардан ықтимал зардап келу салдарына қарай төрт класқа бөлінеді [9]:

Қазақстан Республикасының гидротехникалық құрылыстарының өзге түрлері заңнамада анықталмаған. Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы арнайы нормативтік құқықтық акт жоқ. Тек 2017 жылы ашық НҚА порталында «Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі туралы» заң актісі ендірілген болатын [10]. Әлемнің түрлі мемлекеттерінде соңғы жылдарда гидротехникалық құрылыстардың қызметіне қатысты орын алған апаттардың көбісіне адами факторлар себеп болған. Яғни гидротехникалық құрылыстарды пайдаланудың тиісті деңгейде реттелмеуі, болжамды апаттардың алдын алу мүмкіндіктерінің болмауы, гидротехникалық құрылыстардың сапасының төмендеуі түрлі апаттарға әкеп соқтырған.

Гидротехникалық құрылыстардың көбісінің шекаралық аймақтардағы суларда орналасуына байланысты объектілеріндегі апаттардың қауіптілігі көрші тұрған мемлекеттерге де төнуі мүмкін. Сол себепті көрші мемлекеттер судың жағдайы туралы бір-бірін уақытылы хабардар етіп отыруы өте маңызды.

Гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі кешенді шаралар жүйесі қолданылуы тиіс:

- гидротехникалық құрылыстарды пайдалануды нормативтік-құқықтық реттелуі;
- гидротехникалық құрылыстардың техникалық жағдайын жүйелі түрде қадағалау мен техникалық жағдайын бақылау;
- ағымдағы және күрделі жұмыстардың уақытылы жүргізілуі;
- гидротехникалық құрылыстардың жабдықтарын қайта жаңарту және жаңғырту не нормативтік талаптарға сәйкес келмеген жағдайда оларды консервациялау және жою;
- орын алуы мүмкін қауіп бар апаттардың алдын алу жұмыстарын жүргізу;
- гидротехникалық құрылыстар объектілерде жұмыс жасайтын мамандарды дайындау;
- Гидротехникалық құрылыстарды салу кезіндегі талаптарға ерекше мән беру және т.б.

Аталған фактілер гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін тікелей нормативтік актінің болу керектігін дәлелдейді [11].

Гидротехникалық құрылыстардың құқықтық режимін кешенді түрде реттейтін арнайы «Гидротехникалық құрылыстар туралы» заң актісі қабылдануы керек.

Тұрақты даму жағдайында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері мен оның құқықтық режимін анықтау мәселері жанама түрде Ресей ғалымы Абрамов В.В. «Правовой режим гидротехнических сооружений: Частноправовой и публично-правовой аспекты» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде көрініс тапқан. Зерттеу жұмысы гидротехникалық құрылыстардың құқықтық теориясы мен тәжірибесін, заңнама мен тәжірибені жетілдіру жолдарын зерттеуге бағытталған. Абрамовтың осы зерттеуде қол жеткізген негізгі нәтижелері азаматтық құқықтық сипатқа ие, яғни гидротехникалық құрылыстарғы меншік құқығының пайда болу негіздерінің мәселелері, гидротехникалық құрылыстардағы орын алған апаттардан келген зардаптарды анықтаудың тетіктерін ұсынады, гидротехникалық құрылыстар жоғары қауіптілік көзі болып табылатынын дәлелдейді.

Ұсынып отырған зерттеудің осы диссертациялық зерттеуден айырмашылығы зерттеуде Қазақстан Республикасының жағдайында гидротехникалық құрылыстарды орнықты даму мақсаттарын орындау бағытында орындалатын болады. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен мемлекеттік құрылысының ерекшелігін ескере отырып, осы саланы құқықтық реттеуді жетілдіруге өзіндік идеялар мен тұжырымдар келтірілетін болады. Сонымен қатар бұл диссертациялық зерттеу 2005 жылы орындалғанын ескеретін болсақ, соңғы жиырма жылда осы гидротехникалық құрылыстар қызметінің едәуір өзгеріске ұшырағанын және заманауи тұрғыдан зерттелу уақыты келгенін байқаймыз[12].

Беларусия ғалымдарының зерттеулері гидротехникалық зерттеулердің қауіпсіздігін тікелей зерттеуге бағытталған. Мәселен, Пастухов С.М. ғылыми мақаласы гидротехникалық құрылыстардың әр түрлі типтерінде қауіпсіздік деңгейін анықтайтын нормативтік ережелердің нақтыланбағаны аталып өтеді [13]. Автордың бұл идеясы ұсынылып отырған зерттеуде гидротехникалық құрылыстардың кластарымен қоса, оларды жіктеудің жаңаша түрлерін ұсынауға түрткі болады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасындағы қарастырылуға жататын тағы бір мәселе гидротехникалық құрылыстардың классификациясын заңнамада бекіту. Ол осы құрылыстардың қауіптілігінің деңгейін дәл анықтауға ықпал етеді.

Амашукели С.А. гидротехникалық құрылыстардың құқықтық режимін анықтау жолдарын ұсынады. Автордың пікірінше, ол қатынастар су заңнамасы, қоршаған ортаны қорғау заңнамасы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету нормаларымен байланыстырады. Бірақ анығында гидротехникалық құрылыстардың режимін анықтау қатынастары неғұрлым күрделі, айтылғандармен қоса мемлекеттік реттеу, азаматтық құқықтық нормалар және халықаралық құқық нормаларының да болатынын ескергеніміз жөн [14].

Гидротехникалық құрылыстардың құқықтық режиміне қатысты Мавринская Т.В. еңбегін атап өтуге болады. Автор гидротехникалық құрылыстар орналасқан жердің құқықтық реттелуі мен коллизиялар себебін анықтауға тырысқан [15].

Отандық ғалым Музтауов Ж.Б. ғылыми мақаласында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді су қауіпсіздігімен байланыстыра отырып қарастырады. Өздерінің еңбектерінде гидротехникалық құрылыстардың құқықтық режимі тиісті деңгейде анықталмағаны, осы саланы реттейтін тікелей нормативтік құқықтық актінің болмауы, гидротехникалық құрылыстарды пайдаланудың мемлекеттік құқықтық реттеу тетігінің жүйесіздігі, гидротехникалық құрылыстарды қалыпты

ұстауға бөлінетін қаржылардың пайдалану мәселелері секілді маңызды ғылыми мәні бар мәселелердің ғылыми фундаменталдық тұстарын атап өтеді [16].

Нәтижелер

Тұрақты даму жағдайында гидротехникалық құрылыстардың құқықтық режимін зерттеу нәтижелері келесі теориялық құқықтық қорытындылар жасауға негіз болды:

Біріншіден, Қазақстан Республикасы тұрақты даму қағидаларын қамтамасыз етуде гидротехникалық құрылыстардың рөлі тиісті деңгейде зерттелмеген. Қазақстанның географиялық орналасуы мен климаттық ерекшеліктеріне байланысты еліміздің аумағында судың деңгейі көтерілу қаупі жоғары екендігі белгілі. Соның салдарынан гидротехникалық құрылыстарға түсетін салмақ едәуір артады. Бұл құрылыстардың жағдайын бағалау және олардың қауіпсіздігін құқықтық реттеу мәселелері жан-жақты қарастырылмағандықтан, су тасқыны мен апаттар тәуекелі арта түсуде. Сонымен қатар, осы құрылыстардың техникалық жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізу, олардың жұмысын бақылау және уақытылы жаңғырту шараларын қабылдау қажеттілігі де маңызды. Осы мәселелерді құқықтық тұрғыдан кешенді түрде реттеу еліміздің су ресурстарын қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және орнықты дамуға қол жеткізу міндеттерін табысты жүзеге асыруға септігін тигізеді. Сондықтан аталған тақырыпты терең зерделеу бүгінгі күннің өзекті талабы болып отыр.

Екіншіден, қолданыстағы ұлттық заңнама бойынша гидротехникалық құрылыстар мемлекеттік, коммуналдық және жеке меншік нысандарында болуы мүмкін екендігі айқындалған. Осыған байланысты аталған құрылыстардың құқықтық мәртебесі мен олардың нысандарының нақты айқындалуы ең алдымен шешілуге тиісті міндет болып есептеледі. Мемлекеттік меншік нысанындағы гидротехникалық құрылыстарды сенімгерлік басқаруға беру мүмкіндігі заң жүзінде қарастырылғанымен, сенімгерлік басқарушы өзіне жүктелген міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда қандай құқықтық жауапкершілік шаралары қолданылатыны анық реттелмеген. Бұл құқықтық реттеудің кемшілігі гидротехникалық құрылыстардың тиімді басқарылуына кедергі келтіріп, олардың техникалық жағдайының нашарлауына, соның салдарынан апаттық жағдайлардың туындауына алып келуі ықтимал. Демек, гидротехникалық құрылыстарды пайдалану және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарды жетілдіру қажеттілігі туындап отыр.

Үшіншіден, гидротехникалық құрылыстар қоршаған ортаны қалыпты ұстауда маңызды стратегиялық объект болып табылатындықтан да кешенді түрде зерттелуі тиіс. Себебі, гидротехникалық құрылыстарды салу мен пайдалану арқылы қоршаған ортаға зиян келтірілуі мүмкін. Сонымен қатар гидротехникалық құрылыстарда санитарлық талаптарды сақтайтын нормалар тиісті түрде анықталмаған. Ал олардың көбісі халықты ауыз сумен қамтамасыз етудегі рөлін ескеретін болсақ, тақырыптың қаншалықты маңызды екені туралы ойлануды қажет етеді. Осыдан орнықты даму аясында гидротехникалық құрылыстардың құқықтық жағдайын зерттеу өзекті тақырып деген қорытынды жасаймыз.

Төртіншіден, гидротехникалық құрылыстарды жобалау, салу және пайдалану үдерісінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін құқықтық реттеуге айрықша назар аудару қажеттігі қазіргі таңдағы маңызды әрі өзекті міндеттердің бірі

болып саналады. Қазақстан Республикасында гидротехникалық құрылыстарды жобалау, тұрғызу, пайдалану және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласын реттейтін дербес әрі тікелей қолданыстағы арнайы нормативтік құқықтық актінің болмауы бұл мәселенің күрделілігін арттыра түсуде. Осыған байланысты гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік құқықтық базаны жүйелендіру және халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажеттілігі айқын байқалуда. Сондай-ақ, гидротехникалық құрылыстарға қатысты жауапкершілік пен бақылау шараларының құқықтық механизмдерін нақтылау өзекті мәселеге айналып отыр.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасында тұрақты даму қағидаттарын іске асыру аясында гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін жетілдіру бүгінгі күннің өзекті әрі стратегиялық маңызға ие міндеттерінің бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, елімізде гидротехникалық құрылыстардың құқықтық мәртебесінің жүйелі түрде айқындалмауы және оларды басқару мен бақылаудың тиісті заңнамалық реттелмеуі салдарынан экологиялық және техногендік қауіп-қатерлердің деңгейі артып отыр.

Қазіргі уақытта гидротехникалық құрылыстардың ескіруі, олардың техникалық жай-күйінің нашарлауы, сондай-ақ меншік иелерінің жауапкершілігі мен міндеттерінің толық реттелмеуі халықтың өмірі мен қоршаған орта қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіруде. Бұған қоса, гидротехникалық құрылыстарды жобалау, салу және пайдалану саласындағы арнайы заңнамалық актінің болмауы су ресурстарын басқару мен пайдалану саясатының тиімділігін төмендетіп, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуді қиындатуда.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің халықаралық стандарттарына сәйкестендіру, құқықтық реттеу механизмдерін айқындау және жауапкершілік тетіктерін күшейту шараларын кешенді түрде іске асыру қажет. Сонымен қатар, гидротехникалық құрылыстардың құқықтық режимін реттеуге бағытталған арнайы заң қабылдау және бұл саладағы мемлекеттік басқарудың жүйелі моделін құру ұсынылады. Аталған мәселелерді ғылыми және құқықтық тұрғыдан терең зерттеу тұрақты даму қағидаттарын орындауда маңызды рөл атқарып, болашақ зерттеулердің басым бағыты ретінде қарастырылуы тиіс.

Авторлардың қосқан үлесі

Телеуев Г.Б. зерттеу мақсаты мен міндеттерін айқындап, мақаланың ғылыми тұжырымдамасы мен негізгі идеяларын әзірлеуде жетекші рөл атқарды. Ол гидротехникалық құрылыстардың құқықтық мәртебесін анықтау, заңнамалық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындап, нормативтік-құқықтық актілерді кешенді талдау жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастыруға және мақала құрылымын жүйелеуге үлес қосып, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан сараптап, қорытындылар мен ұсынымдарды тұжырымдауда маңызды қызмет атқарды.

Бектурганов А.Е. мақаланы жазу барысында зерттеу тақырыбының теориялық және практикалық аспектілерін жан-жақты қарастыруға белсенді атсалысты. Ол

гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі құқықтық реттеудің өзекті мәселелерін жүйелі талдап, олардың нормативтік-құқықтық базадағы кемшіліктерін анықтауға және оларды жетілдіруге бағытталған нақты ұсынымдар әзірлеуге елеулі үлес қосты. Зерттеу жұмысында халықаралық тәжірибені зерделеп, Қазақстанның ұлттық заңнамасын әлемдік стандарттарға сәйкестендірудің мүмкін жолдарын ұсынды. Сондай-ақ, **Бектурганов А.Е.** гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігіне қатысты эмпирикалық және статистикалық деректерді жинақтап, оларды аналитикалық тұрғыдан өңдеп, мақаланың «Нәтижелер мен талқылау» бөлімінде пайдаланылатын негізгі ғылыми ақпаратты дайындады. Бұдан бөлек, ол гидротехникалық құрылыстарды пайдалануды құқықтық реттеудің әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалауға және зерттеудің әдіснамалық базасын қалыптастыруға жауапты болды. Жалпы алғанда, **Бектурганов А.Е.** мақаланың ғылыми-теориялық тұжырымдамасын толықтыруға және қорытындылардың негізделуіне едәуір ықпал етті.

Есентемирова А.М. мақалада гидротехникалық құрылыстардың құқықтық мәртебесі мен нормативтік-құқықтық базасына жан-жақты талдау жүргізіп, олардың қауіпсіздігін арттыру және заңнаманы жетілдіру жолдары бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуге маңызды үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Сулейменова, З.В. Казахстане более 500 гидротехнических сооружений требуют ремонта// Республиканский новостной портал: Kazakhstan today: https://www.kt.kz/rus/ekonomika/v_kazahstane_bolee_500_gidrotehnicheskikh_sooruzheniy_1377953844.html (өтініш берген күні: 09.10.2024)
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы// <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> (өтініш берген күні: 09.10.2024)
3. Кобжосарова, С. Ущерб от паводков в Казахстане превысил Т300 млрд// <https://24.kz/ru/tv-projects/aktsenty/item/672991-ushcherb-ot-pavodkov-vkazakhstane-prevysil-300-mlrd-aktsentywww.24.kz>(өтініш берген күні: 09.10.2024)
4. Максимов, Н. Сильнейшие паводки в Карагандинской области: кадры наводнения// Новостной портал Central Asia minitor.: <https://camonitor.kz/>
5. Официальный сайт бюро национальной статистики агентства по стратегическому планированию и реформам республики казахстан: <https://stat.gov.kz/ru/sustainable-development-goals/goal/6/>(өтініш берген күні: 09.10.2024)
6. Табелдинова, А., Галия У., Ибраев А., Проблемы управления водными ресурсами// Қазақстанның орнықты даму бағдары. «Талдау мектебі» жобасының аналитикалық материалдары. – Астана, 2024. 138 с.
7. «Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 66 қаулысы//<https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000066> (өтініш берген күні: 09.10.2024)

8. Қазақстан Республикасының Су Кодексі. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Кодексі.// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000481_ (өтініш берген күні:09.10.2024)
9. Бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 19-2/1054 бұйрығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012660>
10. Концепция проекта Закона Республики Казахстан «О безопасности гидротехнических сооружений»// <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=1787687>
11. Аналитический обзор: Безопасность гидротехнических сооружений в центральной азии: создание потенциала и региональное сотрудничество// https://unece.org/sites/default/files/2021-07/Dam%20Safety%20Review_RU.pdf (өтініш берген күні: 09.10.2024)
12. Абрамов В.В. Правовой режим гидротехнических сооружений (частноправовой и публично-правовой аспекты): автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук: (специальность 12.00.03 «Гражданское право; предпринимательское право; семейное право; международное частное право») / Абрамов Валерий Вениаминович – ; [Уральская государственная юридическая академия]. – Екатеринбург, 2005. – 31 с. – Библиогр.: с. 31. – 150 экз.
13. Пастухов С.М. Нормативное регулирование безопасности водных объектов// Вестник Университета гражданской защиты МЧС Беларуси, Т. 5, № 1, 2021
14. Амашукели С.А. Правовой режим гидротехнического сооружения как элемента водохозяйственной системы. Актуальные проблемы российского права. 2021;16(8):182-191. <https://doi.org/10.17803/1994-1471.2021.129.8.182-191>
15. Мавринская Т.В. Особенности правового режима земельных участков, расположенных под объектами гидротехнических// <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-pravovogo-rezhima-zemelnyh-uchastkov-raspolozhennyh-pod-obektami-gidrotehnicheskikh-sooruzheniy/viewer>
16. Музтауов Ж.Б., Гаврилова Ю.А., Умаров Д.М. Нормативно-правовое регулирование гидротехнических сооружений и их влияние на водную безопасность Республики Казахстан// Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Құқық сериясы No1(146)/ 2024 <https://bullaw.enu.kz/index.php/main/article/view/354/157>

Г.Б. Телеуев¹, А.Е. Бектурганов², А.М. Есентемирова³

¹Жетысуский университет имени И.Джансугурова, Талдықорган, Казахстан

^{2,3}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

(e-mail: ¹galim@mail.ru, ²a.e.bekturganov@mail.ru, ³yessentemirova.a.m@gmail.com)

Правовое регулирование эксплуатации и обеспечения безопасности гидротехнических сооружений в условиях устойчивого развития

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы правового регулирования эксплуатации гидротехнических сооружений и обеспечения их безопасности в условиях устойчивого развития в Республике Казахстан. Авторы проводят комплексный правовой анализ современного состояния гидротехнических сооружений в стране, выявляя актуальные недостатки нормативно-правового регулирования в данной сфере. Неопределённость правового статуса гидротехнических сооружений, а также недостаточная разработанность механизмов их управления и контроля способствуют росту экологических и техногенных рисков. В связи с этим в статье

предлагаются конкретные пути совершенствования нормативно-правовых актов и повышения их эффективности с учётом международного опыта. Кроме того, подчёркивается необходимость принятия специального законодательства, направленного на обеспечение безопасности гидротехнических сооружений. В ходе исследования использованы методы нормативного анализа, сравнительно-правового и системно-структурного подходов. Результаты работы ориентированы на развитие научных исследований в области правового регулирования гидротехнических сооружений. Статья адресована юристам, экологам и специалистам в сфере управления водными ресурсами.

Научная статья подготовлена в рамках реализации проекта АР26193915 «Правовое регулирование эксплуатации и обеспечения безопасности гидротехнических сооружений в условиях устойчивого развития», финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Ключевые слова: Гидротехнические сооружения, устойчивое развитие, правовое регулирование, водная безопасность, водные ресурсы, законодательство, аварийная опасность, государственное управление, формы собственности, международный опыт, экологическая безопасность, нормативные акты

G. Teleuyev¹, A. Bekturganov², A. Yessentemirova³

¹*Zhetisu University named I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan*

^{2,3}*L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

(e-mail:¹galim@mail.ru, ²a.e.bekturganov@mail.ru, ³yessentemirova.a.m@gmail.com)

Legal Regulation of the Operation and Safety Assurance of Hydraulic Structures under Conditions of Sustainable Development

Abstract: The article examines issues of legal regulation regarding the operation of hydraulic structures and ensuring their safety within the context of sustainable development in the Republic of Kazakhstan. The authors conduct a comprehensive legal analysis of the current state of hydraulic structures in the country, identifying significant shortcomings in the regulatory framework governing this field. The lack of a clearly defined legal status for hydraulic structures, as well as insufficient development of mechanisms for their management and oversight, contributes to increasing ecological and technological risks. In this regard, the article proposes specific ways to improve regulatory legal acts and enhance their effectiveness based on international experience. Furthermore, particular emphasis is placed on the necessity of adopting specialized legislation aimed at ensuring the safety of hydraulic structures. The research employs methods of normative analysis, comparative legal analysis, and systemic-structural approaches. The results are intended to contribute to the advancement of scientific research in the field of legal regulation of hydraulic structures. The article is aimed at lawyers, environmental specialists, and professionals involved in water resources management.

This scientific article was prepared within the framework of implementing Project АР26193915 «Legal Regulation of the Operation and Safety Assurance of Hydraulic Structures under Conditions of Sustainable Development», funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: Hydraulic structures, sustainable development, legal regulation, water security, water resources, legislation, emergency risk, public administration, forms of ownership, international experience, environmental safety, regulatory acts.

References

1. Suleimenova Z.V. Kazakhstane bolee 500 gidrotehnicheskikh sooruzheniy trebuyut remonta // Respublikanskiy novostnoy portal: Kazakhstan today: https://www.kt.kz/rus/ekonomika/v_kazahstane_bolee_500_gidrotehnicheskikh_sooruzheniy_1377953844.html (ətinish bergen kyni: 09.10.2024)
2. Memleket bashysy Kasym-Zhomart Tokayevtyн «Adilette Kazakhstan: zan men tartip, ekonomikalyk osim, kogamdyk optimizm» atty Kazakhstan khalkyna Zholdauy // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-adilette-kazakhstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakhstan-halkyna-zholdauy-285659> (ətinish bergen kyni: 09.10.2024)
3. S.Kobzhosarova Ushcherb ot pavodkov v Kazakhstane prevysil 300 mlrd // <https://24.kz/ru/tv-projects/aktsenty/item/672991-ushcherb-ot-pavodkov-vkazakhstan-prevysil-300-mlrd-aktsentywww.24.kz> (ətinish bergen kyni: 09.10.2024)
4. Maksimov N. Sil'neyshie pavodki v Karagandinskoy oblasti: kadry navodneniya // Novostnoy portal Central Asia minitor.: <https://camonitor.kz/>
5. Ofitsial'nyy sayt byuro natsional'noy statistiki agentstva po strategicheskoy planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan: <https://stat.gov.kz/ru/sustainable-development-goals/goal/6/> (ətinish bergen kyni: 09.10.2024)
6. Tabeldinova A., Galiya U., Ibraev A., Problemy upravleniya vodnymi resursami // Qazaqstannyn ornitu damu baghdary. «Taldau mektebi» zhobasynyn analitikalyk materialdary. – Astana, 2024.- 138 s.
7. «Qazaqstan Respublikasynyn su resurstaryн basqaru zhuyesin damytudyn 2024 – 2030 zhyldarg'a arналған tuzhyrymdamasyn bekту turaly» Qazaqstan Respublikasy Ukimetin 2024 zhylygy 5 aqpandagy № 66 qaulysy // <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000066> (ətinish bergen kyni: 09.10.2024)
8. Qazaqstan Respublikasynyn Su Kodeksi. Qazaqstan Respublikasynyn 2003 zhylygy 9 shildedegi N 481 Kodeksi. // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000481_ (ətinish bergen kyni: 09.10.2024)
9. Bogetterdi deklaratsiyalanatyn bogetterge zhatqyzatyn kagidalaryн zhane Bogettyн kaúipsizdigi deklaratsiyasyn azirleu kagidalaryн bekту turaly Qazaqstan Respublikasy Aul sharua-shylygy ministrin 2015 zhylygy 2 zheltoksandag'y № 19-2/1054 buirygy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012660>
10. Kontseptsiya proekta Zakona Respubliki Kazakhstan «O bezopasnosti gidrotehnicheskikh sooruzheniy» // <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=1787687>
11. Analiticheskiy obzor: Bezopasnost' gidrotehnicheskikh sooruzheniy v Tsentral'noy Azii: sozdanie potentsiala i regional'noe sotrudnichestvo // https://unece.org/sites/default/files/2021-07/Dam%20Safety%20Review_RU.pdf (ətinish bergen kyni: 09.10.2024)
12. Abramov V.V. Pravovoy rezhim gidrotehnicheskikh sooruzheniy (chastno-pravovoy i publichno-pravovoy aspekty): avtoref. dis. na soisk. uchen. step. kand. yurid. nauk: (spetsial'nost' 12.00.03 «Grazhdanskoe pravo; predprinimatelskoe pravo; semeynoe pravo; mezhdunarodnoe chastnoe pravo») / Abramov Valeriy Veniaminovich – ; [Uralskaya gosudarstvennaya yuridicheskaya akademiya]. – Ekaterinburg, 2005. – 31 s. – Bibliogr.: s. 31. – 150 ekz.
13. Pastukhov S.M. Normativnoe regulirovanie bezopasnosti vodnykh ob'ektov // Vestnik Universiteta grazhdanskoy zashchity MChS Belarusi, T. 5, № 1, 2021
14. Amashukeli S.A. Pravovoy rezhim gidrotehnicheskogo sooruzheniya kak elementa vodokhozyaystvennoy sistemy. Aktual'nye problemy rossiyskogo prava. 2021;16(8):182-191. <https://doi.org/10.17803/1994-1471.2021.129.8.182-191>
15. Mavrinskaya T.V. Osobennosti pravovogo rezhima zemel'nykh uchastkov, raspolozhennykh pod ob'ektami gidrotehnicheskikh // <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-pravovogo-rezhima-zemelnyh-uchastkov-raspolozhennyh-pod-obektami-gidrotehnicheskikh-sooruzheniy/viewer>

16. Muztauov Zh.B., Gavrilova Yu.A., Umarov D.M. Normativno-pravovoe regulirovanie gidrotehnicheskikh sooruzheniy i ikh vliyanie na vodnyu bezopasnost' Respubliki Kazakhstan // L.N. Gumilev atyndagy Eurasia ulttyk universitetinin KHABARSHYSY. Qukyk seriyasy No1(146)/2024 <https://bullaw.enu.kz/index.php/main/article/view/354/157> (өтініш берген күні: 09.10.2024)

Авторлар туралы мәліметтер

Телеуев Г.Б. – хат-хабар авторы, философия докторы PhD, құқық және экономика факультетінің деканы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Жансүгіров көшесі 187, 050043, Талдықорған, Қазақстан

Бектұрғанов А.Е. – заңғылымдарының докторы, профессор, конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының меңгерушісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, 010000, Астана, Қазақстан

Есентемирова А.М. – философия докторы (PhD), постдокторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі, 2, 010000, Астана, Қазақстан.

Телеуев Г.Б. – автор корреспонденции, доктор философии PhD, декан факультета права и экономики, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, улица Жансугурова 187, 050043, Талдықорған, Казахстан

Бектурганов А.Е. – доктор юридических наук, профессор, заведующий кафедрой конституционного и гражданского права, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан.

Есентемирова А.М. – доктор философии PhD, постдокторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева 2, 010000, Астана, Казахстан.

Teleyuev G. – the author of the correspondence, PhD, Dean of the Faculty of Law and Economics, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Zhansugurova street 187, 050043, Tal dykorgan, Kazakhstan

Bekturganov A. – Doctor of Law, Professor, Head of the Department of Constitutional and Civil Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str, 2, 010000, Astana, Kazakhstan

Yessentemirova A. – Doctor of Philosophy (PhD), Postdoctoral Researcher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Street, 010000, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).